

Esil-Nura

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық басылым

2026 жыл 27 тамыз бейсенбі № 32 (483)

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабының 3-тармағына сәйкес «Вестник Акмола» және «Esil-Nura» газеттерінің редакциясы сайлау алдындағы жұмыс үшін ақпараттық хабарламаның баспа алаңын ұсынады.

Жариялау үшін келісім шарттары 2026 жылдың 24 тамызынан бастап жасалады.

2026 жылдың 11 қыркүйегі үгіт насихат материалдарын жариялаудың соңғы күні.

Газет редакциясы үгіт материалдарын жариялаудың кезегін олардың редакцияға келіп түсуімен байланыстырады.

Үгіт материалдарын газет бетінде орналастыруды газет редакциясы өзі айқындайды. Үгіт материалдары «Вестник Акмола» және «Esil-Nura» газеттерінде «Сайлау-2026» айдарымен жарияланады.

Қазақстан Республикасының әкімдер кандидаттарына баспа алаңын бергені үшін бір шаршы сантиметр үшін ақы төлеу мөлшері 135 (жүз отыз бес) теңгені құрайды.

Ұсынылған сайлау материалдары үшін төлем мөлшері 170 (жүз жетпіс) теңгені құрайды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНА ДЕПУТАТТАРДЫ САЙЛАУ БОЙЫНША
ДАУЫС БЕРУДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ИТОГИ ГОЛОСОВАНИЯ
НА ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ КУРУЛТАЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Сайлаушылар саны Количество избирателей		Қатысты Приняли участие		Дауыс бергендердің қорытынды саны Итоговая явка			
12 623 289		9 351 539		74,08%			
«Әділет» партиясы	Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы	Қазақстан Халық партиясы	«Ауыл» партиясы	«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы	«Respublica» партиясы	
							
Партия «Әділет»	Общенациональная социал-демократическая партия	Казахстанская партия зелёных «Байтақ»	Народная партия Казахстана	Партия «Ауыл»	Демократическая Партия Казахстана «Ақ жол»	Партия «Respublica»	
Дауыстар саны Количество голосов	6 528 948	469 058	97 751	285 395	574 621	478 083	509 631
%	71,17%	5,11%	1,07%	3,11%	6,26%	5,21%	5,56%
Мандаттар саны Количество мандатов	110	8			10	8	9
«Баріне қарсы» дауыс берді Проголосовали «Против всех»							2,51%

■ Baquatty audan

КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Целиноград ауданының 24 мыңнан астам тұрғыны табиғи газдың игілігін көруге мүмкіндік алды

Ақмола облысы Целиноград ауданының Қаражар және Қараөткел ауылдарында газдандыру жұмыстары аяқталды. 240 шақырымдық газ желісінің іске қосылуына орай 24 мыңнан астам тұрғын көгілдір отынға қол жеткізді.

Сонымен Қаражар өңірдегі газ тартылған жетінші, ал Қараөткел сегізінші елді мекен болды. Екі елді мекен де бір газ магистралінің бойында орналасқан. Сондықтан жоба қиындықсыз жүзеге асты. Айта кететін жай, жұмыс мерзімінен бұрын орындалды.

Әу баста жобаны 2028 жылы аяқтау жоспарланған еді.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Қаражар ауылының тұрғындарын осынау айтулы оқиғамен құттықтады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында біз елорданың айналасындағы елді мекендерді дамытуға маңызды қадам жасаудамыз, ауылдарға газ желісін тартып жатырмыз.

Газдандыру – бұл тек коммуналдық инфрақұрылымның мәселесі емес, бұл экологиялық жағдайды оңалтып, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту.

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтар үшін газ тұтынуға 20 пайыздық жеңілдік, үйге тікелей газ тарту үшін 70 айлық есептік



көрсеткіш мөлшерінде көмек қарастырылған», - деді облыс басшысы өз сөзінде.

Қаражар ауылында 53 шақырымдық газ желісі салынған, осыған орай алғашқы 1,7 мың абонент көгілдір отынның игілігін көруге мүмкіндік алды. Солардың бірі – Ермұхановтар отбасы.

«Біздің отбасымыз үшін табиғи газдың келуі айта қаларлықтай оқиға болды. Үй ішінде тазалық пен жайлылық орнады.

Енді көмір тасып, от жағу қиындығынан арылды. Біздің осы жобаны іске асыруға ат салысқан адамдарға деген алғысымыз шексіз», - дейді үй иесі Жанат Ермұханова.

Қараөткел ауылында екі іске қосу кешені өткен жылдың желтоқсан айында жүзеге асырылып, ағымдағы жылы аяқталды.

Жалпы алғанда мұнда 185 шақырымдық газ желісі тартылды. Ауылда шамамен 4 мың аула болса, 1,5 мың абонент бүгінде газ желісіне қосылды.

Тұрғындарды табиғи газбен қамту жұмыстары әрі қарай жалғасуда.

Биылғы жылы осындай жоба Қызылсуат ауылында да жүзеге асырылмақшы, бұл 3 мыңға жуық тұрғын көгілдір отынға қол жеткізеді деген сөз.

Сонымен қатар, Ақмол, Қабанбай батыр, Өтеміс, Қызылжар, Нұрәсіл және Қажымұқан ауылдарын газдандыру бойынша жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде.

Аталған жобаларды жүзеге асыру 2027 жылға жоспарланған, осыған орай тағы 30 мың тұрғын газбен қамтылады деп күтілуде.

Жалпы алғанда Ақмола облысы бойынша 220 мың адам табиғи газдың игілігін көруде, бұл аймақ тұрғындарының 28 пайызы.

Газ инфрақұрылымын кеңейту облыстың коммуналдық шаруашылығын дамытудың, (әсіресе елордаға жақын орналасқан елді мекендердің) басым бағыттарының бірі болып қала бермек.

Т. ТӘШКЕЕВ.



АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫ ҚОЯНДЫ АУЫЛЫНЫҢ ӘКІМІ САЙЛАУЫНА КАНДИДАТ ХАВДЖАЛЕЛ ХАСАМХАННЫҢ 2026-2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Қоянды ауылының тұрғындары!

Мен, Хавджалел Хасамхан, әкімдікке өз кандидатурамды ұсына отырып, халық алдындағы барлық жауапкершілікті түсінемін.

Ауылдың түйткілді мәселелерін біле отырып, ауылдың және азаматтардың мүддесін кәсіби түрде басқаруды, өкілдік етуді және қорғауды, аппаратты сауатты басқаруды басты міндетім деп білемін.

1983 жылы 22 мамырда Моңғолия Республикасы Баян-Өлгейде дүниеге келдім. Қазақстан Республикасының азаматымын. Ұлтым-қазақ. Білімім үздік жоғары. Үйленгем, алты балам бар.

2007 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетін «экономика», экономика бакалавры мамандығы бойынша бітірдім.

2019 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша экономикалық ғылымдар магистрі.

Әскери міндеттімін. Запастағы гвардия капитаны.

* Еңбек жолын 2008-2009 жж. «Павловка селолық округінің әкімі аппараты» ММ-нің бас маманы болып атқара бастадым.

* 2009 жыл Ерейментау ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің Ерейментау ауданы бойынша көші-қон мәселелері жөніндегі бас маманы

* 2009-2011 жж. 32363 әскери бөлімінің офицерлік қызметтерінде әскери қызмет атқардым, Қапшағай қаласы, Алматы облысы.

* 2011-2012 жж. «Ерейментау ауданы әкімі аппараты» ММ-нің жалпы бөлімінің бас маманы.

* 2012-2013 жж. «Ерейментау ауданы әкімі аппараты» ММ-нің жалпы бөлімінің басшысы.

* 2013-2014 жж. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Ерейментау ауданы бойынша Салық басқармасының салықтық бас маманы.

* 2014-2022 жж. - Ақмола облысының Ерейментау ауданы, Олжабай батыр атындағы ауылдық округінің әкімі.

* 2022-2025 жж. - «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-нің экономика факультетінің «Есеп және қаржы» кафедрасының аға оқытушысы, Астана қаласы.

* 2023-2025 жж. — «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-нің экономика факультетінің тәрбие жөніндегі декан орынбасары, Астана қаласы.

* 2025 ж - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-нің бизнес және цифрлық тех-

нологиялар институты директорының әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Астана қаласы.

Ауыл әкіміне үміткер болу шешімін қабылдай отырып, осы уақытқа дейін жинаған білімім мен мемлекеттік қызметтегі тәжірибемді ауылдағы әлеуметтік-экономикалық басты мәселелерді шешу үшін барлық күш-жігерімді жұмсауға дайынмын.

Қоянды – болашағы зор, халқы қарқынды өсіп келе жатқан ауыл. Сондықтан бүгінгі басты міндет – тұрғындарға сапалы өмір сүруге қажетті инфрақұрылым мен қауіпсіз ортаны қалыптастыру.

Басты қағидам:

«Әкім – халықтың қызметшісі. Уәде емес – нақты нәтиже!»

НЕГІЗГІ 7 БАСЫМДЫҚ

1. АУЫЗСУ – БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ

* Ауылдың барлық көшесін сапалы ауызсумен қамтуға ықпал ету;

* су желілерін жаңғырту және апатты учаскелерді жою;

* су қысымы мен су сапасын тұрақты бақылау;

* ауызсу жобасының орындалуын қоғамдық бақылауға алу.

2. ЖОЛ ЖӘНЕ КӨШЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

* Проблемалық көшелердің нақты тізімін жасап, кезең-кезеңімен жөндеу;

* мектеп, балабақша және әлеуметтік нысандар маңына қауіпсіз жол мен тротуар салу;

* ішкі қоғамдық көлікті ұйымдастыру;

* жол сапасына қоғамдық бақылау енгізу;

* арықтар мен су өткізу жүйелерін қалпына келтіру.

3. ЭЛЕКТР ЖӘНЕ КӨШЕ ЖАРЫҒЫ

* Қуаты жеткіліксіз трансформаторлар мен электр желілерін жаңғыртуға қол жеткізу;

* электрмен қамтудағы үзілістерді азайту;

* барлық негізгі және проблемалық көшелерді жарықтандыру;

4. СУ БАСУ, ДРЕНАЖ ЖӘНЕ КӨРІЗ

* Көктемгі су басатын учаскелердің картасын жасау;

* дренаж, арық және су бұру жүйесін кезең-кезеңімен салу;

* нөсерлік су жүйесін дамыту;

* орталық көріз мәселесін шешуге нақты жоба әзірлеу.

5. ТАЗА ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗ ҚОЯНДЫ

* Қоқыс шығарудың тұрақты жүйесін қалыптастыру;

* заңсыз қоқыс орындарын жою;

* экологиялық талаптарды бұзатын нысандарға қоғамдық және мемлекеттік бақылауды күшейту;

* ауылды қоғалдандыру және абаттандыру.

6. ҚАУІПСІЗДІК, БАЛАЛАР, ЖАСТАР ЖӘНЕ АҒА БУЫН



* бейнебақылау мен көше жарығын кеңейту және автобус аялдамаларын орнату;

* мектептер мен балалар алаңдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

* спорт алаңдарын көбейту;

* демалу саябақтарын салу;

* бұралқы қаңғыбас иттер мен иесіз бос жүрген малдарға шара қабылдау;

* жастарға арналған спорттық, мәдени және кәсіпкерлік жобаларды қолдау.

7. АШЫҚ ӘКІМДІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ БАСҚАРУ

* Әкімдік жұмысы мен ауыл бюджетінің орындалуы туралы тұрғындарға тұрақты есеп беру;

* әр көшенің мәселесін жеке бақылауға алу;

* тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын тіркеп, орындалуын бақылау;

* маңызды мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу;

* ауылға қала типтегі кент мәртебесін алу;

* жол, құрылыс, абаттандыру және бюджет қаражатының жұмсалыуына қоғамдық бақылау енгізу.

Халықтың белсенді қолдауымен және сенімімен бұл бағдарламаны табанды түрде жүзеге асыруға дайынмын.

Жергілікті бюджет қаражатынан төленді.

■ Игі шара

ЖАСТАР ҮНІ — ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

**«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Мен жастарға сенемін...»**

Мағжан Жұмабаев.

Жастар — қоғамның серпінді күші, елдің ертеңін айқындайтын жаңашыл буын. Олардың білімі, бастамашылдығы, азаматтық белсенділігі мен шығармашылық әлеуеті мемлекеттің тұрақты дамуының маңызды негіздерінің бірі. Осы орайда 12 тамыз — Халықаралық жастар күні Целиноград ауданында мазмұнды кездесулер мен жарқын мерекелік іс-шараларға ұласты.

Мерекеге орай аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Сабырғали Дарын Сабырғалиұлының ауданның белсенді жастарымен, Жастар ресурстық орталығының мамандарымен және еріктілермен кездесті.

Еркін әрі ашық форматта ұйымдастырылған жиында жастардың қазіргі қоғамдағы рөлі, олардың әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан қалыптасуына жасалып жатқан жағдайлар кеңінен талқыланды. Кездесу барысында білім алуға қолжетімділік, жастар кәсіпкерлігін дамыту, спорт пен шығармашылықты қолдау, волонтерлік қозғалысты кеңейту және қоғамдық бастамаларды жүзеге асыру мәселелері көтерілді.

Аудан жастары да өздерін толғандырған мәселелерді ашық айтып, ұсыныстары мен жаңа идеяларын ортаға салды. Мұндай кездесулердің маңызы — жастардың пікірін тыңдап қана қоймай, олардың бастамаларын нақты істерге айналдыруға мүмкіндік беретіндігінде. Өйткені жас ұрпақ неғұрлым белсенді болса, қоғамдық өмір де соғұрлым

мазмұнды бола түседі.

Бүгінде Целиноград ауданында жастардың өз әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін бағыттар кеңейіп келеді. Білім мен еңбекке ұмтылатын, өз кәсібін ашуға ниетті, спортпен және шығармашылықпен айналысатын, волонтерлік пен қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын жастар — аудан дамуының маңызды ресурсы.

Мерекелік кездесудің маңызды сәттерінің бірі — қоғамдық өмірге белсенді қатысып, түрлі салаларда өзіндік үлесін қосып жүрген жастарды марапаттау рәсімі болды. Еңбегімен және бастамашылдығымен ерекшеленген бірқатар жас белсендіге Ақмола облысы әкімінің Алғыс хаттары табысталды. Сонымен қатар аудан әкімі атынан жастарға мерекелік естелік сыйлықтар ұсынылды. Бұл марапаттар олардың еңбегін мойындаудың ғана емес, жаңа жетістіктерге деген сенім мен қолдаудың да белгісі болды. Өйткені кез келген үлкен істің бастауы — өз күшіне және өз бастамаға деген сенімнен басталады.

Мереке аудан әкімдігінің мәжіліс залындағы ресми кездесумен шектелген жоқ. Кешкі уақытта жастардың мерекелік көңіл-күйі Родина ауылында жалғасын тауып, онда ашық аспан астында OPEN AIR форматындағы дискотека ұйымдастырылды.

Музыка, би, көтеріңкі көңіл-күй кештің шырайын аша түсті. Дәл осындай мерекелік дискотекалар аудан көлемінде де ұйымдастырылды. Барлық ауылдық округтерде жастарға арналған кешкі іс-шаралар өтіп, әр елді мекеннің жас тұрғындарына бірлік, қуаныш пен мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Мерекелік бағдарлама аясында кәсіби салада елеулі жетістіктерге жеткен жас мамандардың сұхбаттары негізінде



дайындалған бейнематериалдарға да ерекше назар аударылды. Бейнероликтерде олар өздерінің қалыптасу жолы, кәсіби мансаптағы алғашқы қадамдары, еңбек жолы туралы ой бөлісті.

Сұхбат кейіпкерлері өз жетістіктеріне шынайы отансүйгіштік, туған ауданға деген сүйіспеншілік және қоғамға пайдалы болуға деген ұмтылыс арқылы қол жеткізгендерін атап өтті. Осы құндылықтар олардың өмірі мен еңбегіндегі басты бағдарға айналып, қиындықтарды еңсеруге және алға нық қадам басуға мүмкіндік берген. Олардың үлгісі туған жерге деген адалдық пен белсенді азаматтық ұстанымның өзін-өзі жүзеге асыруға кең жол ашатынын көрсетті.

Жастар күні — күнтізбедегі жай ғана атаулы күн емес. Бұл — жас ұрпақтың қоғамдағы рөліне баға беріліп, олардың арманы мен мақсатына ерекше көңіл бөлінетін күн. Жастардың әрбір жаңа идеясы мен бастамасы — елдің болашағына қосылған үлес.

Целиноград ауданында өткен мерекелік іс-шаралар жастарды қолдаудың, олардың қоғамдық белсенділігіне сенім білдірудің және болашаққа бағытталған жүйелі жұмыстың маңыздылығын көрсетті. Білімді, еңбекқор, бастамашыл әрі отансүйгіш жастар бар жерде дамудың жаңа мүмкіндіктері ашылады.

Бүгінгі жастар — ертеңгі мамандар, кәсіпкерлер, ұстаздар, дәрігерлер, мемлекеттік қызметшілер, спортшылар және қоғам көшбасшылары. Сондықтан олар үшін жасалып жатқан жағдайлар — болашаққа салынған инвестиция. Халықаралық жастар күніне орай ұйымдастырылған кездесулер мен іс-шаралар жас буынға жаңа серпін беріп, алдағы жоспарларын жүзеге асыруға шабыттандырады. Ең бастысы — жастар өздерінің қоғам үшін маңыздылығын, олардың дауысы мен идеяларының құнды екенін сезінді.

**Әлия ӘПСАТҚЫЗЫ,
Жастар орталығының маманы.**

Ақмол.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

МЕМЛЕКЕТТІК ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ БЕРУ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015-жылғы 21-мамырдағы «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» №7-1/453-ші бұйрығына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру жүзеге асырылады.

Жеке және заңды тұлғалар ветеринариялық-санитариялық қорытынды алу үшін өтінішті Қазақстан Республикасындағы электрондық лицензиялау «elicense.kz» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы береді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Портал арқылы берілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

Меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың бар екенін немесе жалдау шарты құқығындағы тиісті үй-жайлардың бар екенін растайтын құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі;

“Электрондық үкіметтің” төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісінің төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор өтініш тіркелген кезден бастап 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Егер де көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаса немесе қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынса, онда мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту береді және оны өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырып, электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының “жеке кабинетіне” хабарлама түрінде жібереді.

Ал егер де көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған болса, онда мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор өтініш түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде объектінің ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестігіне тексеріс жүргізеді.

Жүргізілген тексеріс нәтижесіне қарай мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, объектінің ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестігі туралы немесе сәйкес еместігі туралы* ЭЦҚ қойылған ветеринариялық-санитариялық қорытындыны ресімдейді.

Объектіге ветеринариялық-санитариялық қорытынды өтініш тапсырылған күннен бастап 4 жұмыс күні ішінде беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Объектіге ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруден бас тарту үшін төмендегі аталғандар негіз болып табылады:

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне төнетін қатердің расталуы;

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін,

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтың анықталуы;

Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ветеринариялық-санитариялық қорытынды алуға байланысты қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімі) болуы.

Объектінің ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестігі туралы немесе сәйкес еместігі туралы* - Объектінің сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды төмендегі аталған ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып жүзеге асырылады:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 29 маусымдағы 2015 жылғы № 7-1/587 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар»,

2. Еуразиялық экономикалық одақ Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген ветеринариялық бақылауға жататын тауарларға қойылатын «Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар»,

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 11837) «Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын (ветеринариялық - санитариялық) талаптар»,

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 7-1/832 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 12208) «Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (жануарларды союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар»,

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 7-1/848 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12243 болып тіркелген) «Ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар».

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпаратты стендте Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратпен ала алады, ол өзгерістерге сәйкес үнемі жаңартылып отырады, өтініш үлгілері бар мемлекеттік қызмет көрсету бұрышы бар, мекеме ғимаратында Гагарин көшесі, 7, Ақмол ауылы, Целиноград ауданы, Ақмола облысы мекенжайы бойынша.

Жұмыс кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін (қоса алғанда) сағат 08:00-ден 17:30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін.

Демалыс күндері: сенбі, жексенбі, мереке күндері.

Байланыс телефондары: 8716 51 30 589.

Мұрат ӘЛКЕНОВ,
Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор.

Ақмола облысы ветеринария басқармасының жанындағы «Целиноград ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК, Сіздерге бруцеллездің алдын алу шараларын қатаң сақтаудың маңыздылығын еске салады.

ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ИЕЛЕРІ!



Бруцеллез – жануарлар мен адамға ортақ, *Brucella* туысына жататын бактериялар тудыратын аса қауіпті жұқпалы ауру. Бұл ауру ауыл шаруашылығы жануарларын зақымдап қана қоймай, адамға да жұғады. Сондықтан бруцеллез ветеринария мен қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Ауру ірі қара малда, қой-ешкіде, шошқада және басқа да ауыл шаруашылығы жануарларында кездеседі. Бруцеллездің ең қауіпті ерекшелігі – көптеген жануарларда аурудың сыртқы белгілері байқалмайды. Алайда олар инфекцияны басқа жануарларға тарата береді.

Аурудың негізгі белгілері: буаз малдың іш тастауы; әлсіз немесе өлі төлдің тууы; шудың түспей қалуы; жатырдың қабынуы; бедеулік; сүт өнімділігінің төмендеуі; буындардың қабынуы; аталық малдарда еннің қабынуы (орхит).

Ауру жануарлар сүтімен, зәрімен, нәжісімен, шуымен, түсік материалымен және басқа да бөлінділерімен ауру қоздырғышын сыртқы ортаға бөліп шығарады.

Адам қалай жұқтырады?

Инфекция: ауру малды күткенде; төлдету кезінде; түсік тастаған малдың шуы мен төліне қол тигізгенде; терідегі жаракаттар арқылы; шикі сүт пен пастерленбеген сүт өнімдерін тұтынғанда; жеткілікті термиялық өңдеуден өтпеген етті пайдаланғанда; ауру мал ұсталған орындардағы шаң арқылы жұғуы мүмкін.

Адамдағы бруцеллездің белгілері

Аурудың жасырын кезеңі бірнеше күннен бірнеше аптаға дейін созылуы мүмкін.

Негізгі белгілері:

- * дене қызуының ұзақ уақыт көтерілуі;
- * қалтырау;
- * түнгі уақытта қатты терлеу;
- * жалпы әлсіздік;
- * тез шаршағыштық;
- * бұлшықет пен буындардың ауыруы;
- * бас ауруы;
- * тәбеттің төмендеуі;
- * салмақ жоғалту;
- * лимфа түйіндерінің ұлғаюы.

Уақытылы емделмеген жағдайда ауру созылмалы түрге ауысып, буындарды, омыртқаны, жүректі, бауырды, көкбауырды, жүйке жүйесін және

репродуктивті мүшелерді зақымдауы мүмкін. Созылмалы бруцеллез адамның еңбекке қабілеттілігін төмендетіп, өмір сапасына кері әсер етеді.

Алдын алу шаралары:

малды тек ветеринариялық құжаттарымен бірге сатып алу; жаңадан әкелінген малды міндетті түрде карантинде ұстау; жануарларды уақытылы бруцеллезге диагностикалық тексеруден өткізу; буаз мал іш тастаған жағдайда дереу ветеринариялық маманға хабарлау; ауруға күдікті малды оқшаулау; қора-жайлар мен құрал-жабдықтарды жүйелі түрде тазалап, дезинфекциялау;

түсік материалдары мен шуды ветеринариялық талаптарға сәйкес жою;

малдың орын ауыстыруы, сатып алынуы немесе сатылуы туралы ветеринариялық қызметке уақытылы хабарлау;

ветеринариялық мамандардың ұсынымдарын сақтау.

Адам өзін қалай қорғай алады?

Бруцеллездің алдын алу үшін: шикі сүт ішпеңіз; сүтті міндетті түрде қайнатып немесе пастерленген күйінде пайдаланыңыз; ет өнімдерін толық пісіріп тұтыныңыз; малмен жұмыс істегенде қолғап пен арнайы қорғаныш киімін пайдаланыңыз; жануарлармен жұмыс аяқталғаннан кейін қолды сабындап мұқият жуыңыз; түсік тастаған малдың төлін немесе шуды арнайы қорғанышсыз ұстамаңыз; малмен байланыстан кейін дене қызуы көтерілсе немесе ұзақ уақыт әлсіздік байқалса, дереу дәрігерге қаралыңыз.

Бруцеллез – адам мен жануар денсаулығына елеулі қауіп төндіретін жұқпалы ауру. Аурудың алдын алу – әрбір мал иесі мен ветеринариялық маманның ортақ міндеті. Жануарларды уақтылы тексеру, ветеринариялық талаптарды сақтау және санитариялық-гигиеналық шараларды орындау арқылы бруцеллездің таралуын болдырмауға болады.

Малдың денсаулығын сақтау – отбасыңыздың және қоғамның денсаулығын қорғаудың маңызды кепілі!

Ө. ТӨКЕНОВ, аудандық
Ветеринариялық станциясының басшысы.

Ақмол.

■ Ой салар

ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУДІҢ СЫРЫ НЕДЕ?*Қос құдағидың өмір жолдары көпке үлгі*

Целиноград ауданында 88 жастағы Гүлжахан Жүсіпова мен 89 жастағы Урзия Сарбасованың өмір жолы ерекше. Шау тартқан жастағы белсенділік және аға буында деген құрмет адамның қарттық кезеңде де өмір сапасын жоғары деңгейде сақтауға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Бүгінде белсенді ұзақ өмір сүру ұғымы тек адамның ұзақ ғұмыр кешуімен шектелмейді. Бұл — өз бетінше өмір сүру, дене белсенділігін сақтау, қоршаған ортаға қызығушылық таныту, отбасы мен қоғам өміріне араласу, адамдармен қарым-қатынасты жалғастыру және өзін қажет сезіну мүмкіндігі. Гүлжахан мен Урзия апайлардың өмір салты — денсаулықты күту, отбасылық жылу мен ұлттық дәстүрге деген құрметтің үйлесімді үлгісі.

ЕКІ ТАҒДЫР – БІР ОТБАСЫ

Екі әйел де Қызылорда қаласының тумалары. Гүлжахан — Гүлмира Аяғанованың анасы, ал Урзия — оның енесі. 2019 жылы Гүлмираның жұбайы қайтыс болғаннан кейін, ол анасы мен енесіне бірге тұруды ұсынды. Бұл шешім екі құдағиға өзара қолдау, қарым-қатынас және рухани жылу сыйлаған ортақ өмірдің басталуына жол ашты. Бүгінде олардың бірге өткізетін уақыты қарапайым тұрмыстық тіршіліктен әлдеқайда маңызды. Олар таңғы асты бірге ішіп, әңгімелеседі, айтыс тыңдайды, қолөнермен айналысады, қонақ қабылдап, туыстары мен көршілеріне барады. Үйде әрдайым әңгімеге, естелікке, ақыл-кеңеске және жылы күлкіге орын бар.

Таңғы жаттығу олардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналған. Күндерін таңғы сағат алты жарым шамасында бастайтын олар шамамен жарты сағат дене жаттығуларын жасап, кейін таңғы ас ішіп, массаж жасап, таза ауаға шығады.

СЕРГЕКТІКТІ СЕРІК ЕТКЕН

Бүгінде Гүлжахан мен Урзия Ақмол ауылындағы жаңа спорт алаңына қызығушылықпен барып, заманауи тренажерлерде жаттығады. Олар үшін спорт — нәтиже немесе рекорд қуалау емес. Бұл — өз денсаулығына күнделікті қамқорлық жасау, қимыл-қозғалысты, жақсы көңіл-күйді және қалыпты өмір ырғағын сақтау мүмкіндігі. Олардың өмір салты аудан елді мекендерінде спорттық инфрақұрылымды дамытудың маңызын да айқын көрсетеді. Барша жас ерекшелігіне қолжетімді спорт алаңдары тұрғындардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, қарым-қатынас пен белсенді демалыс үшін орта қалыптастырады.

Екі құдағидың өмірі адамның белсенді болуға деген ұмтылысы төлқұжаттағы жасқа байланысты емес екенін дәлелдейді.

ОТБАСЫЛЫҚ ТАРИХ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ

Екі құдағидың өмірі Гүлмира түсірген отбасылық бейнебаян арқылы көпшілікке танылды. Алғашында

ол бейнелерді отбасылық мұрағат үшін түсірсе, кейін әлеуметтік желіге жариялаған. Жаттығу жасап, әңгімелесіп, күлімдеп отырған қос әженің шынайы бейнелері көпшіліктің жылы ықыласына бөленді.

Отбасы үшін ең бастысы — өзара құрмет пен жақын адамдарды жалғыз қалдырмау.

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН

Жылдар өткен сайын кітаптан немесе заманауи технологиядан табу қиын өмірлік тәжірибенің құндылығы арта түседі. Гүлжахан мен Урзия — отбасы дәстүрлерінің сақтаушылары. Жұртшылық олардан отбасылық мерекелерді ұйымдастыру, салт-дәстүрлер туралы кеңес сұрап, бата алады. Әжелер кейінгі ұрпаққа атадан балаға жалғасып келе жатқан құндылықтарды жеткізеді.

Аға буынның маңызды міндеттерінің бірі — уақыттар сабақтастығын сақтау, жастарға біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды жеткізу. Ал ұрпақтар сабақтастығы ең алдымен отбасынан — үлкенге құрметтен, бірге әңгімелесуден, олардың пікіріне көңіл бөруден және отбасылық мұраға ұқыпты қараудан басталады.

НАЗАР АУДАРУ – ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ БАСТЫ БЕЛГІСІ

Гүлмираның айтуынша, қарт адамға ең алдымен көңіл бөлу және өзінің қажет екенін сезіну маңызды. Кейде оның жағдайын сұрап, әңгімелесіп, жанында біраз уақыт отырудың өзі жеткілікті. Осындай қарапайым қамқорлық адамның көңіл күйіне оң әсер етіп, белсенділігін сақтауға көмектеседі.

Гүлжахан Жүсіпова мен Урзия Сарбасованың тарихы — екі құдағидың отбасылық өмірі ғана емес. Бұл — үлкенді құрметтеу, отбасы ішіндегі қолдау және аға буынның толыққанды өмір сүруіне жағдай жасаудың маңызын көрсететін тағылымды үлгі. Олардың өмірі белсенді, ұзақ өмір сүрудің негізінде қозғалыс, қарым-қатынас, қамқорлық, эмоционалдық әл-ауқат және өзінді қоғамға қажет сезіну секілді құндылықтар жатқанын көрсетеді.

Бүгінде олардың жасы 88 және 89-да. Арттарында — ондаған жылдық еңбек, отбасы қамы мен өмірлік тәжірибе. Ал алдарында — жаңа күндер, кездесулер, әңгімелер және күнделікті таңғы жаттығу.

Мұнда үлкен өмірлік мән бар: жас — шектеу емес, жүріп өткен ғұмырдың нәтижесі. Ал сол өмір жолының сапасы жанында қолдайтын, тыңдайтын және көңіл бөлетін адамдардың болуына тікелей байланысты.

Целиноград ауданындағы осы екі қарияның өмір тарихы белсенділік, отбасылық бірлік пен үлкенге құрметтің қандай жағдайда да өз маңызын жоғалтпайтын құндылықтар екенін көрсетеді.

Әлия ХАСЕНОВА,**Жастар орталығының маманы.****Ақмол.****Хабарландыру**

«Родина» Агрофирма ЖШС Ақмола облысы Целиноград ауданы Родина ауылындағы қолданыстағы сүт зауытын кеңейту (Түзету) жұмыс жобасына экологиялық рұқсат алу үшін (ҚОҚ бөлімі, ШРН, ҚББ, ӨЭБ, ІС-шаралар жоспары жобалары) ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 30 қыркүйекте сағат 15:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, а.о. Родина, А. Родина, Центральная көшесі, 6 (әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуді сұраймыз: <https://us06web.zoom.us/j/84279786056?pwd=aA4tjbgbbltQAptFJJYVVeJVPDO5ITn.1>

Конференция чатына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/84279786056>

Конференция идентификаторы: 842 7978 6056

Кіру коды: 935989

Бастамашы: «Родина» Агрофирма ЖШС, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Родина а/о, Родина а., Центральная к-сі, 15. БСН 050540005822.

Жоба әзірлеушісі: «BaiMura» ЖШС өз қызметін ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Астана қ. берген 25.01.2024 ж. № 02736Р қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырады. БСН 940540002772, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114в. Электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: kazecoproect2012@mail.ru, 87023494461.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтта танысуға болады, сондай-ақ ММ ресми интернет-ресурсында – <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=kk>

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: upr.expertiza@mail.ru, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89.

«ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» РММ (Көкшетау қаласы, Назарбаев даңғылы 73, тел.50-43-63) тарифтер жобаларын талқылау бойынша жария тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды

Субъектің атауы	Реттелетін қызмет түрі	Өткізу уақыты, күні, орны
«Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК	2027-2031 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу	2026 жылғы 2 қазандағы сағат 16.00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, Бақыт ш/а кеңсе ком. қызмет кеңсесі 6/2 мекенжайы бойынша өткізіледі. Анықтама үшін: Департамент - (87162) 50-43-63; «Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК -8(71651) 3-03-31.

Жария тыңдауға барлық мүдделі тұлғалар қатыса алады.

Сонымен қатар, Ақмол ауылының тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар «ZOOM» (идентификатор 633 319 3624, құпия сөз 1234567890) қосымшасы арқылы жария тыңдауға қатыса алады.

Кез-келген адам онлайн режимінде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: Департамент – 8(7162) 50-43-63;

«Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК -8(71651) 3-03-31.

Esil-Nura

Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күелігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 166.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

